

ЭОЖ 81.33

ҒТАХР 16.21.47

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.1.80.017>

## ФАТИКАЛЫҚ МЕТАКОММУНИКАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Смағұлова Г.1, \*Қоңырбаева Г.<sup>2</sup>, Солтанбекова А.<sup>3</sup>, Хуңшан А.<sup>4</sup>.

<sup>1, \*2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

<sup>4</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада фатикалық метакоммуникация сөйлеу байланысының қатысушылар арасындағы әлеуметтік-мәдени үйлесімділікті қамтамасыз ететін тілдік өзара әрекеттесудің маңызды аспектісі ретінде талданады. Жаһандану және белсенді мәдениетаралық коммуникация жағдайында фатикалық актілердің механизмдерін түсіну, әсіресе әртүрлі лингвомәдени қауымдастықтар өкілдерінің өзара әрекеттесуінде ерекше маңызға ие.

Зерттеудің мақсаты – фатикалық метакоммуникацияның қалыптасу және жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтау әрі оның мәдени нормалармен, социопрагматикалық стратегиялармен, тілдік этикет тәжірибелерімен өзара байланысын сипаттау. Зерттеу барысында мынадай міндеттер негізге алынды: ұғымның теориялық өрісін нақтылау; әртүрлі тілдерде фатикалық актілерді жүзеге асыратын құрал-тәсілдерді жүйелеу; лингводидактика мен аударманың практикалық контексттеріне бейімделген ұсынымдар әзірлеу. Зерттеу әдістемесі дискурстық-прагматикалық талдау, салыстырмалы сипаттама, корпус және иллюстративтік деректерді сапалық кодтау, коммуникативтік жағдаяттарды модельдеу тәсілдеріне сүйенді.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы – фатикалық метакоммуникацияны тіл мен мәдениеттің, прагматика мен әлеуметтік лингвистиканың түйісінде жан-жақты қарастыруында ғана емес, осы құбылыстың теориялық-ұғымдық аппаратын нақтылауында, фатикалық функцияның дискурстық, социопрагматикалық және лингвомәдени параметрлерін модельдеуінде көрінеді.

Практикалық маңыздылығы – мәдениетаралық коммуникацияны оқыту, лингводидактика және аударма салаларында ескерілетін жағдаяттарды жүйелеп қана қоймай, оқу бағдарламалары мен тренингтерге енгізілетін әдістемелік ұсынымдар әзірлеуде, аудармада кәсіби коммуникацияда (медицина, білім, қызмет көрсету, мемлекеттік сектор) және цифрлық ортада сыпайылық пен өзара түсіністік стандарттарын жетілдіруде көрініс табады.

Негізгі эмпирикалық база ретінде жапон тіліндегі айзучи мен рәсімдер, араб тіліндегі діни танбаланған формулалар мен экспрессивті сөйлеу, шығыс және түркі тілдеріндегі құрмет-қошеметке негізделген тұрақты этикеттік құрылымдар мен қонақжайлылық практикасы алынды.

Зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді: фатикалық этикет формаларының типологиясы нақтыланып, мәдени модельдермен шартталған вариативтілік көрсетілді; көпмәдениетті дискурста қатысымның тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етудегі фатикалық стратегиялардың рөлі дәлелденді. Нәтижелердің практикалық құндылығы аудармашыларды, ЖОО оқытушыларын, халықаралық коммуникация мамандарын даярлау жүйелерінде, сондай-ақ мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту жобаларында айқын көрінеді.

**Тірек сөздер:** фатикалық метакоммуникация, мәдениетаралық прагматика, сөйлеу этикеті, сипаттамалы талдау, фатика, хабар алмасу, сөйлеу актісі, фатикалық қатынас, цифрлық кеңістік

### **Кіріспе**

Жаһандану мен мәдениетаралық қарым-қатынас күнделікті өзара әрекеттесудің ажырамас бөлігіне айналған қазіргі әлемде тілдің прагматикалық қырларына назар күшейді. Коммуникация енді тек ақпараттың берілуін емес, сонымен бірге қатысым процесін ұйымдастыруды, қолдауды және реттеуді қамтитын көпқабатты жүйе ретінде қарастырылады. Осы контексте фатикалық метакоммуникация ерекше маңыз алады: ол мазмұнды жеткізуден гөрі байланыс орнатуға, сақтауға және дер кезінде аяқтауға бағдарланған коммуникативтік актілердің жиынын білдіреді. Фатикалық тәсілдер көзбе-көз қатысымда да, цифрлық кеңістіктегі лезде хабар алмасу мен реакция-белгілер арқылы да өзара түсіністікті сақтап тұрады. Сондықтан фатикалық метакоммуникацияны жүйелі түсіндіру көпмәдениетті қатысымдағы сенім мен келісімді қамтамасыз етудің алғышарты болып саналады.

Тілдің фатикалық функциясы туралы ұғымды Б. Малиновский антропологиялық бақылаулар аясында енгізді. Ол «фатикалық байланыс» (phatic communion) түсінігін енгізіп, оның байланыс орнатуға және сақтауға бағытталған қарым-қатынасты білдіретіндігін айтады [1, 96 б.]. Кейін оны теориялық тұрғыдан Р.Якобсон негіздеді, ол оны тілдің алты негізгі: экспрессивтік, конативтік, коммуникативтік, поэтикалық, фатикалық және метатілдік функциясының бірі ретінде анықтады. Сөйтіп, алғашқылардың бірі болып, «фатикаға» көңіл аударған Р. Якобсон ғалым Б. Малиновскийдің еңбегіне сүйене отырып, тілдің байланыс орнату қызметін бөліп көрсетеді [2].

Метакоммуникация, өз кезегінде, Г. Бейтсон атап өткендей, «коммуникация туралы коммуникация», яғни сөйлеу актілерін қабылдау мен түсіндіруді реттейтін ауызша және вербалды емес механизмдердің

жиынтығы. Оның пайымдауынша, коммуникация тек ақпарат алмасу ғана емес, ол үнемі өзара алмасатын хабарламаларды қалай түсінуге болатыны жөнінде хабарламалар алмасу үрдісі [3, 89 б.]. Олардың фатикалық метакоммуникацияда мәдени нормалар, сыпайылық рәсімдері және қарым-қатынасқа қатысушылардың әлеуметтік мәртебесі арқылы жүзеге асырылатын ерекше құбылыс.

Фатикалық тілдік қатынас мәселесінде Б. Малиновский мен Р. Якобсонның тұжырымдарын сабақтастыра дамытқан зерттеушілердің бірі - Т. Г. Винокур. Ол «Сөйлеуші мен тыңдаушы» еңбегінде *фатикалық тіл* ұғымын кең ауқымды құбылыс ретінде түсіндіреді: бұл ұғымға конативтік бағдардағы байланыс орнату, оны өрбіту және қарым-қатынастың үзілмегенін тексеру амалдары, тұтастай сөйлеу этикеті, тұрмыстық диалогтер мен тұрмыстық хабарламалар, сондай-ақ соған жақын көркем диалогтер мен хабарламалар енетінін көрсетеді. Сонымен қатар, Винокур фатика мен ақпаратты сөйлеу әрекетінің екі бөлек бағыты ретінде ажыратып, коммуникацияның не нақты хабар жеткізу мақсатына, не жай ғана әңгімелесу арқылы қарым-қатынас орнату/қолдау мақсатына бағытталатынын атап өтеді [4].

Байланыс орнату мен оны өзара қолдау әрекетінің әмбебаптығына қарамастан, фатикалық метакоммуникацияның нақты формалары мен құралдары лингвомәдени ортаға қарай елеулі түрде өзгереді. Мәселен, ағылшын тілдік қауымында жақсы дамыған «шағын әңгіме» (small talk) жанры ауа райы, жол-жөнекей жоспар, шай не кофе ұсыну сияқты бейтарап тақырыптар арқылы әлеуметтік қашықтықты реттеп, әңгімелесушілер арасындағы сенімді біртіндеп құрады; мұнда түпкі мақсат - ақпарат алмасудан гөрі қатысым арнасын «жылыту».

Мәселен, ғалым J. House фатикалық өзара әрекеттесуді «қатаң-прагматикалық» (hard-pragmatic) тәсілмен сипаттап, оны сөйлеу актілеріне сүйенген қайталанымды кодтаумен зерттеуді ұсынады. Автор фатикалық актілерді әңгіменің *бастау - негізгі бөлімі - қорытындылау* кезеңдеріне картаға түсіріп, ағылшын тіліндегі small talk-ты да осы үлгімен сипаттаудың әдістемелік негізін береді [5, 384 б.].

Сондай-ақ, D.Kadar small talk-ты ритуалдық өзара әрекеттесудің архетипі ретінде анықтап, фатикалық/информативтік актілердің типологиясын ұсынады. Үлгі тіларалық салыстыруға қолайлы, ағылшын тіліндегі small talk-тың құрылымдық-прагматикалық сипаттарын кезеңдік талдауға мүмкіндік береді [6].

Жапон мәдениетінде үйлесімді қарым-қатынас, ұжымшылдық және иерархия басым құндылықтар ретінде көрініп, тыңдаушының қатысу белгілері, жанама тұжырымдар мен ритуалданған формулалар өзара сыйластықты сақтауға қызмет етеді.

Араб мәдениетіне тән экспрессивтілік, эмоцияны ашық білдіру және діни компоненттің жиі қатысуы ықылас пен жақындықты тілдік әрі

паратілдік тәсілдер арқылы айқындайды. Шығыс дәстүрлерінде иерархия, мәртебе және мағыналы үнсіздік метакоммуникациялық ресурс ретінде маңызды орын алады. Түркі мәдениеттерінде сәлемдесу, амандық-саулық сұрасу, үлкенді құрметтеу, қонақжайлық тәрізді тұрақты этикеттік үлгілер байланыс орнатудың және оны қолдаудың негізгі арнасы болып табылады.

Тақырыптың өзектілігі халықаралық қатынастар мен көптілді ортада мәдениетаралық хабардарлықты күшейту қажеттілігімен, сондай-ақ тілдераралық өзара әрекеттестікте фатикалық белгілерді дәл тану мен дұрыс интерпретациялаудың маңызымен айқындалады. Зерттеу фатикалық метакоммуникацияны мәдениетаралық құзыреттіліктің өзек элементі ретінде қарастырып, оның тілдік, паравербал және рәсімдік қырларын біртұтас лингвопрагматикалық ұстанымда сипаттауға бағытталған. Мұндай көзқарас лингвистика, мәдениетаралық коммуникация, аударма және шет тілдерін оқыту салалары үшін практикалық тұрғыдан маңызды саналады.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеудің материалдық базасын әртүрлі лингвомәдени қауымдастықтардағы қатысым жағдаяттарынан алынған аутенттік жиналған материалдар құрады. Эмпирикалық деректердің жалпы көлемі *1260 қатысым эпизодын* қамтиды (*барлығы 4 980 реплика/хабарлама*): жапон тіліндегі айзучи мен рәсімдік үлгілер - 420 эпизод, араб тіліндегі діни формулалармен астасқан экспрессивті сөйлеу - 350 эпизод, шығыс және түркі тілдеріне тән (соның ішінде қазақ тілдік ортасы) құрмет-қошеметке негізделген тұрақты этикеттік құрылымдар - 490 эпизод (оның ішінде қазақша материал - 310 эпизод). Дереккөздер тұрмыстық диалогтерден (430 үлгі), қызметтік қарым-қатынас эпизодтарынан (210 үлгі), көпшілік дискурс фрагменттерінен (100 үлгі) және цифрлық ортадағы қысқа хабар алмасулардан (520 үлгі) жинақталды.

Талдау бірлігі ретінде фатикалық қимыл-қадам және оның тізбектелімі алынды: жиналған материалдар бойынша 6430 фатикалық қимыл-қадам белгіленіп, олар қарым-қатынас жолын *құру – ұстап тұру – аяқтау* сатыларына жіктелді (*құру – 34%, ұстап тұру – 51%, аяқтау – 15%*). Әр қатысым эпизодында орта есеппен 3-6 фатикалық қадам тіркелді. Зерттеуде вербал және паравербал маркерлер (құрмет формулалары, кідіріс, ұн-ырғағы), сондай-ақ социопрагматикалық айнымалылар (қатысушылар статусы, жас айырмасы, ресмилік дәрежесі, орта типі) жүйелі түрде белгіленді.

Әдістемелік тұрғыда зерттеу дискурстық-прагматикалық сипаттамаға, салыстырмалы-типологиялық талдауға және сапалық кодтауға сүйенді. Алдымен фатикалық амал-тәсілдердің тізбесі жасалып, кейін олар мәдени модельдермен сабақтастыра жіктелді. Тілдер арасындағы функционалдық ұқсастық пен алшақтық және типтік қатысым үлгілері модельденді.

## Нәтижелер

Алдымен фатикалық құбылыстың теориялық өрісі нақтыланып, оның метакатысымдық қырын айқындайтын анықтама ұсынылды: фатикалық актілер - сөйлесуді *бастау*, оны *ұстап тұру*, *сыпайы жеткізу* және ретімен *аяқтау* сатыларымен ұйымдасатын, сөйлесудің үзілмей жүруі мен екіжақты түсіністі сақтауға бағытталған тілдік және бейтілдік амалдар жиынтығы. Осы негізде фатикалық амал-тәсілдердің типологиясы жасалды: амандасу/ алғыс/тілек формулалары, бекіту-нығайту репликалары (*иә-иә, түсінемін*), өтпелі маркерлер (*айтпақшы, жалпы*), мәртебе/құрмет көрсеткіштері (*құрметті..., сіз...*), аяқтау формулалары (*уақытыңызды бөлгеніңізге рахмет*) және олармен қатар жүретін паравербал-көмекші белгілер (*пауза, дауыс екпіні, көзқарас*). Тілдік және экстралингвистикалық рәсімдердің бірлескен әсері сипатталып, әр сатыда қандай маркерлер қатысатыны анықталды.

Екіншіден, әртүрлі тілдерде фатикалық актілерді жүзеге асыратын құрал-тәсілдер жүйеленіп, мәдени модельдермен шартталған вариативтілік көрсетілді. Ағылшын тіліндегі *small talk* бейтарап тақырыптар арқылы әлеуметтік қашықтықты реттейтіні, жапондағы *айзучи* мен рәсімдік қалыптардың үйлесімділік пен иерархияны сақтайтыны, араб дискурсында экспрессивтілік пен діни формулалардың жақындық белгілерін күшейтетіні, түркі (соның ішінде қазақ) қатысымында сәлемдесу-саулық сұрасу, үлкенді құрметтеу және қонақжайлық тұрақты өзек рөл атқаратыны дәлелденді. Тілдер арасындағы эквивалентсіздік пен функционалдық сәйкестік өрістері айқындалып, мысалы, ағылшындағы ауа-райы төңірегіндегі шағын әңгімесінің қазақ тіліндегі амандық-саулық, жөн-жоралғы сұрастырумен функционалдық тұрғыда қабысатыны, ал кейбір тікелей калька аудармалар прагматикалық жоғалтуға әкелетіні көрсетілді. Осылайша фатикалық стратегиялардың дұрыс таңдалуы көпмәдениетті дискурста қатысым тұрақтылығы мен сенімділігін арттыратыны дәлелденді.

Үшіншіден, лингводидактика мен аударманың практикалық контексттеріне бейімделген ұсынымдар әзірленді. Оқытуға арналған үлгілерде төрт сатыға негізделген жаттығулар, рөлдік жағдаяттар және фатикалық маркерлердің функционалдық сұлбалары ұсынылды; бағалау рубрикалары өзара түсіністік, сыпайылық нормаларын сақтау, қатысымды дер кезінде аяқтау сияқты көрсеткіштерді қамтыды. Аударманы үйлестіру қағидаттары жасалып, фатикалық әсерді формаға емес, қызметке сәйкестендіріп беру, эквивалентсіздік өрістерінде мәдени алмастыру мен қысқаша түсіндіруді қолдану, цифрлық қатысымдағы қысқа белгі-реакцияларды (реакция-таңбалар, қысқа растаулар) функционалдық баламамен беру ұсынылды. Бұл ұсынымдар кәсіби хат-хабар, қызмет көрсету, білім және мемлекеттік сектордағы көптілді коммуникацияға тікелей қолдануға бейімделді.

### Талқылау

Фатика тілдің «байланыс орнатуды жүзеге асыратын» қызметі ретінде қалыптасты. Дегенмен, оның күнделікті қатынас тіліне, көпшілік алдында сөйлеуде кеңінен қолданысқа енуі фатикалық сөйлеу әдебінің әлеумет өміріндегі маңызын арттырды. Тіпті, кей тұста тілдік қатынасқа қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты әлеуметтік, психологиялық реттеу қызметін атқара отырып, басымдыққа ие болады. Тілдік қатынас барысында адамдар ақпарат алмасудан бұрын әңгімелесушінің эмоциялық реакциясын - бірге қайғыруды, жанашырлықты, ашу-ызаны және т.б. тудыру ниетінен туындайды. Бұл фатикалық коммуникацияның әрі қарым-қатынас орнату құралы, әрі мәтін түзу негізі екенін сипаттайды [7].

Фатикалық функция әдептік, ритуалдық қызмет ретінде де қарастырылады. Ритуалдық қатынас деп көптеген адамдарға тән жеке қарым-қатынас стилі түсініледі. Психологтардың пікірінше, ритуалдық қарым-қатынастың басты мақсаты - өзінің тобына қатысын нығайту, өз ұстанымдарын, құндылықтарын, пікірлерін бекіту, өзін-өзі бағалауды және өзін құрметтеуді арттыру болып табылады.

Фатикалық функция - коммуникацияның негізгі принциптерінің бірі - сыпайылық принципінің ажырамас бөлігі. Бұл принцип Джеффри Личтің «Principles of Pragmatics» атты еңбегінде көрсетілген. Түрлі коммуникативтік қағидалармен қатар фатикалық қағида (Phatic Maxim) да жеке қарастырылады. Бұл фатикалық қағида сыпайылықтың негізгі қағидаларын - такт, жомарттық, мақұлдау, келісім, кішіпейілділік және симпатия қағидаларын толықтырады. Дж. Лич бұл қағиданы теріс қырынан «үнсіз қалма» деп, оң қырынан «әңгімені жалғастыр» деп түйіндейді. Автордың пайымынша, фатикалық айтылымның өзегінде мазмұнның өзі емес, сол мазмұнға сөйлеушінің көзқарасы тұрады [8, 123 б.].

Фатикалық функцияны қолдануға лайық *сөйлесуді бастау*, оны *ұстап тұру*, *сыпайы жеткізу* және *ретімен аяқтау* сатыларымен ұйымдасатын амалдар жиынтығы деп алған кезде, оның іскерлік, онлайн және күнделікті коммуникациядағы жұмыс істеу өзегі өзгермейді, бірақ іске қосатын таңбалары мен рәсімдері ортаға қарай өзгереді. Іскерлік контексте қатысымды «бастау» көбіне ресми амандасу, өзара таныстыру, бейтарап шағын тақырып арқылы (орын, уақыт, жолдың жайы) «сөйлеу тонын» реттеуден басталады; қатысымды «ұстап тұру» сатысында келіссөз барысын бекітіп отыратын растау репликалары (*дұрыс түсіндім бе..., ұсынысыңызға ризамыз*), мәртебе/қашықтықты сақтайтын құрмет формулалары (*Құрметті..., Сіз тараптан...*) маңызды. Сыпайы жеткізу сатысында келіспеушілікті сыпайы тілдік тәсілдермен (*бәлкім, мына нұсқа тиімдірек болар, қысқаша нақтылап өтейін*) беру келісімді сақтайды; ал аяқтау сатысында қорытынды мен алғыс (*уақытыңыз үшін рақмет, келесі қадамдар:...*) қатысым арнасын дер кезінде аяқтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тіліндегі *амандық-саулық сұрасу* → *негізгі мәселе* →

қорытынды-тілек үлгісі ағылшын тіліндегі *small talk* → *core business* → *wrap-up* құрылымымен функционалдық тұрғыда қабысады.

Іскерлік жазба қатысымда (хаттар, минуттар, хабарламалар) фатикалық белгілер құрылымдық маркерлермен бірге жүреді: тақырып жолын анық қою, кіріспеде қысқа ілтипат формуласы (*Сәлеметсіз бе...*), аралық бекітулер (*алынғанын растаймын, қысқаша шолып өттім*), ал соңында байланыс ашықтығын сақтайтын формула (*байланыста болайық, кері байланыс күтемін*). Жапон кәсіби хат алмасуында мәртебе мен иерархия айқын көрінетін рәсімдік формулалар артықшылыққа ие болса, арабтілді ортада ілтипат/ризашылықтың экспрессивті формалары жиірек; ағылшын тілінде бейтарап, нақты әрі қысқа ритуал (*Hope this finds you well...*) қабылданады. Эквивалентсіздік өрістерінде аударманы дәлдеу қағидаттары маңызды: ағылшындағы «weather small talk»-ты қаз-қалпында көшірудің қажеті жоқ, оның қызметін қазақ контексіндегі *амандық-саулық, жол-жөнекей алғыс/тілек* арқылы өтеуге болады.

Онлайн коммуникацияда фатикалық функцияны іске қосатын таңбалар ықшам әрі жылдам: қысқа растаулар (*жақсы, көрдім, қабылдадым*), реакция-таңбалар (лайк, «бас бармақ»), уақытша кідірісті белгілеу (*жазып отырмын..., біраздан соң ораламын*), кешіккен жауап үшін ілтипат формуласы (*кеш жауап бергенім үшін кешірім өтінемін*). Мұнда паравербал ресурстардың орнына платформа белгілері жұмыс істейді (онлайн/офлайн күйі, «көрді» белгісі). Дегенмен, экспрессивті пиктографиялық белгілер әр мәдениетте әртүрлі оқылады: мысалы, кей контекстте смайлық ресмилікті төмендетуі мүмкін. Сондықтан кәсіби чатта *қысқа растау + нақты әрекет* (*қабылдадым, 14:00-де жаңартамын*) үлгісі фатикалық қызметті ақпараттық дәлдікпен ұштастырады.

Күнделікті көпмәдениетті қатысымда фатикалық функцияның мәдени моделдері ерекшеленеді: ағылшын қауымында бейтарап *small talk* элеуметтік қашықтықты жұмсартса, жапон орнында *айзучи* (тыңдаушының қатысу белгілері) үйлесімділікті ұстап тұрады; араб ортада экспрессивтілік пен діни формулалар жақындығын білдіреді; түркі (соның ішінде қазақ) кеңістігінде сәлемдесу, амандық-саулық, үлкенді құрметтеу, қонақжайлық - тұрақты этикеттік өзек. Айырмашылықтарды ескере отырып, оқыту мен аудармада формасына емес, атқаратын қызметіне қарай сәйкестендірген жөн. Негізгі мақсат барлық тілде бір: қатысымды бастау, оны ұстап тұру және сенім мен келісімді бекіту; өзгертіні - осы мақсатқа жеткізетін тілдік әрі рәсімдік амалдар.

Медиакоммуникацияда фатикалық функция ақпараттан бұрын қатысымды реттеу, басқару мен эмоциялық үндестікті орнықтыратын реттеуші қызмет атқарады. Теледидар/радиоғағы «Қайырлы таң», «Тікелей эфирде сіздермен...» тәрізді ілтипат формулалары, қысқа музыкалық үзінділер, бағдарлама айдарлары және өтпелі репликалар («алқазір...», «қайта ораламыз...») қатысымды бастап, ұстап тұруға көмектеседі: тыңдарман/

көрерменнің назарын бекітеді, рөлдер мен форматты белгілейді, бөлімдер арасын бірқалыпты ұштастырады. Жүргізуші мен аудитория арасындағы алмасуды жандандыратын қаратпа сөздер, риторикалық сұрақтар, модаль сөздер («шығармаңыздар», «қысқаша тоқталайық»), қысқа растаулар және парцелляция секілді синтаксистік амалдар фатикалық мағынаны күшейтеді. Онлайн нұсқада бұл қызметті тікелей эфирдің чат белгілері, «көрді/естілді» индикаторлары, қысқа реакциялар мен пікірге жауап-ілттипат формулалары атқарады - олар бағдарлама қолжетімділігін сездіреді әрі аудиториямен «жанды» байланыс әсерін тудырады. Мұнда фатикалық қабат журналистік мақсатқа қайшы емес: ол материалды ұсыну тәртібін, қарқын мен тонды реттейді, яғни ақпараттың құрылымдық қалыбын қамтамасыз етеді.

Баспасөз жанрларында фатикалық интенцияның жүзеге асуы медиа типіне тәуелді. Сапалы баспасөз көбіне синтаксистік тәсілдерге сүйенеді: кіріспе ремаркалар («бүгінгі шолуда...»), аралық метакомментарийлер («ескере кетейік»), қыстырма құрылымдар, атаулы сөйлемдер, мәтінаралық сілтемелер - бұлар оқырманмен байланыс пен мәтін ішіндегі бағдарды реттейді, бірақ лексикалық экспрессияны шамадан тыс көбейтпейді. Ал сенсация іздеген басылымдар фатикалық әсерді айқайлы айдарлар, эмоциялық эпитеттер, гипербола, лепті құрылымдар, кейде графикалық әсерлер арқылы лексикалық экспрессия арқылы жасайды.

Жеке коммуникацияда фатикалық функцияның өзегі - қатысымды бастау, ұстап тұру және уақтылы аяқтау арқылы жақындық пен сенім сезімін нығайту. Амандық-саулық сұрау, қысқа ілттипат формулалары («Қал қалай?», «Күнің қалай өтті?»), жылы қаратпа сөздер, шағын мақтау не рақмет айту - бәрі де әлеуметтік қашықтықты қысқартып, эмоциялық үндестікті қалыптастырады. Қатысым барысында бекіту-нығайту репликалары («иә», «дұрыс», «түсіндім»), эмпатиялық растаулар («қобалжымай-ақ қой», «жақсы болады»), сондай-ақ дауыс ырғағы, пауза, көзбен байланыс, дене қимылы сияқты бейтілдік белгілер диалогтің бірқалыпты жүруіне жағдай жасайды. Жеке қатынасқа тән «шағын әңгіме» (күнделікті күй-жай, отбасы, денсаулық туралы сұрау) ақпарат жеткізуден гөрі жақындықты бекітуге бағытталады. Бұл - қарым-қатынастың «жылы тонын» ұстап тұратын тұрақты тетік.

Мәдениетаралық коммуникацияда фатикалық функцияның басты мәні – ортақ сөйлесу аясын тез құрып, екі тараптың ортақ талаптары мен ережелерін келісу арқылы түсінбеушіліктің алдын алу. Әр мәдениеттің амандасуы мен «шағын әңгімесі» әрқилы: қазақ және жалпы түркі ортасында сәлемдесу амалы амандық-саулық сұрасумен, туыстық/қызметтік мәртебені ескерумен кең өрбиді; ағылшын тілдік қауымында бейтарап *small talk* (ауа райы, жол, жоспар) әлеуметтік қашықтықты азайтуға қызмет етеді; жапон қатысымында *айзучи* (тыңдаушының «иә-иә», «мм») секілді қатысу белгілері) мен ритуалданған формулалар үйлесімділікті сақтайды; араб мәдениетінде ықылас пен құрметті білдіретін діни формулалар мен экспрессивтілік

жақындық белгісін күшейтеді. Осы айырмашылықтарды ескермегенде прагматикалық қателік туады. Мысалы, ағылшын серіктесінің «іске бірден көшуі» қазақ қатысушысына «салқындық» болып көрінуі мүмкін, ал ұзақ амандық-саулық сұрастыру ағылшын үшін «тақырыптан ауытқу» әсерін береді. Сол сияқты жапон сөйлеушісінің жиі *backchannel* беруі («тыңдап тұрмын» белгісі) ортада сөзді бөлу сияқты қабылдануы ықтимал, ал үнсіздікке мән беретін шығыс дәстүрінде ұзақ пауза ойлану мен құрметтің белгісі саналады.

Функция тұрғысынан фатикалық амалдар *сөйлесуді бастау*, оны *ұстап тұру*, *сыпайы жеткізу* және *ретімен аяқтау* сатыларында түрлі мәдени прагматикаларға сай іске қосылады. Бастау кезеңінде адрес формулалары мен қысқа ілтипат сөздер «ортақ тонды» қояды («*Сәлеметсіз бе?*» / *Hope you're well / діни лебіздер*); қолдау кезеңінде бекіту-нығайту белгілері (*қол сілтеме, бас иезу, айзуци, қысқа растаулар*) тілдік қатысымның ашық тұрғанын көрсетеді; сыпайы жеткізу кезеңінде «бетке тік келмеуді» көздейтін сыпайы перефраздар («*әлде бұлай істесек қайтеді?*»); жапонда жанама тұжырым; арабта жылы лебізбен орау) қайшылықты азайтады; аяқтау кезеңінде алғыс және келесі қадамды белгілеу формулалары қатысымды мінсіз жабады. Сондықтан мәдениетаралық қатынаста сөздің қызметін дәл сәйкестендіру, тура аудармадан гөрі функциялық балама табу (мысалы, ағылшынның ауарайы жөніндегі *small talk*-ын қазақ контекстінде амандық-саулық сұрасумен өтеу) түсінбеушілікті азайтып, сенім мен келісімді нығайтады.

Фатикалық құбылыстарды жүйелі бақылау нәтижесінде фатикалық сөйлеу жанрлары (ФСЖ) қатынастың сапасына, ықпалына қарай ажыратылатыны айқындалды: салтанатты жанрлар (қоғамдық әңгіме, *small talk*) тұлғааралық байланысты «қалпында ұстап» тұруға қызмет етеді; тікелей нашарлататын жанрларға айыптау, қорлау, «қатынасты анықтау», жанжал жатады; тікелей жақсартатын жанрлар - достық көңілдегі сырлас әңгіме, мойындау, комплимент, өсиет секілді формада көрінеді. Бұған қоса, жасырын нашарлататын жанрлар жауапкершілікті серіктеске ауыстыруды көздейтін жанама тәсілдер арқылы іске асады (иронияның кейбір түрлері, әжуалау, қалжыңдау), ал жанама жақсартатын жанрлар ретінде әзіл мен флирт аталады [9]. Осы жіктеудің прагматикалық өзегі - жанрдың қатысым мақсаты мен әсер ету тәсілі. Әр жанр вербалды белгілермен қатар интонация, пауза, көзқарас сияқты бейтілдік амалдар арқылы жүзеге асып, жақындық/қашықтық теңгерімін басқарады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда фатикалық жанрлардың ауқымы кеңейді: мазмұны шағын күнделікті диалогтар, сөйлеу этикеті, комедиялық жанрлар (әзіл, анекдот, сөз ойыны), тіпті байланысты нығайтудан гөрі оны үзуге бейім дауласу санаттары (ұрыс-керіс, балағаттау) да фатикалық өріске ене бастады. Осы құбылыс «фатика тек байланыс орнатуға арналған амал ма, әлде салтанатты-коммуникациялық әрекет пе?» деген таласты да өзектейді: бір зерттеушілер фатиканы тілдік қатысымды бастауға бағытталған рәсімдік

амалдармен шектесе, басқалары оны қоғамдағы рөлдер мен беделді қайта қалыптастыратын символикалық әрекет деп түсіндіреді [7, 61 б.].

Саяси интернет-коммуникацияда фатикалық функция коммуникативтік қызметтің өзегіне еніп, сендірумен (персуазивті әсермен) тығыз бірлікте жұмыс істейді. Алдымен фатикалық амалдар (қысқа ілтипат формулалары, амандасу, адресатқа тікелей қарату, «жанды» байланыс сезімін тудыратын платформа белгілері) қашықтағы аудиториямен қатысымды бастауға, психологиялық арақашықтықты қысқартуға және ортақ «тонды» қоюға қызмет етеді; содан кейін осы сәтті басталған тілдік қатысымға сендіру мазмұны (құндылыққа сілтеу, ұжымдық бірегейлікке үндеу) кірістіріліп, мақсатты ықпал жүзеге асады. Осылайша, саяси дискурстың дәстүрлі тілдік қызметтері цифрлық ортада толық сақталады: коммуникативтік қызмет - негізгісі, ал оның құрамындағы фатикалық және сендіру қызметтері цифрлық тілдесімнің қуатын пайдаланып, кеңістікте алшақ тұрған топтар арасында алғашқы байланыс орнатудың әрі ықпал етудің тиімді құралына айналады [10].

Фатикалық функция ұғымы вербалды шеңберден шығып, бейвербалды қатынастың да негізгі реттегішіне айналды. Ым-ишаралар қатысымды бастау, ұстап тұру, психологиялық қашықтықты қысқарту және эмоциялық күйді теңгеру қызметін атқарады. Зерттеуші Г.Крейдлин сипаттаған «аналитикалық жанасулар» - ритуалдық/ритуалданған амандасу-қоштасулар, келісім актілері (қол алысу), шартты эмоция білдіру, мадақтау/жазалау қимылдары - фатикалық әсердің тұрақты арнасы ретінде әрекет етеді. Олар «қол алысу», «күшақтау», «арқадан қағу», «беттен сипау» тәрізді ым атаулары мен ым етістіктері, фразеологизмдер арқылы кодталады. Мұндай жанасулар назарды аударып, коммуникативтік арна орнатып, әрі қарай ықпал етуді жеңілдетеді, адресаттың күйін қалыптандырады. Мәдени-элеуметтік нормалармен шектеліп, контекстке қарай рұқсат етілген/тыйым салынған өрістерді белгілейді. Демек, фатикалық мағына көпмодальді түрде іске қосылады: тілдік сигналдар бейтілдік жанасулармен ұштасып, өзара түсіністік пен сенімнің прагматикалық негізін құрайды [11, 63 б.].

Ритуалдық (этикеттік) қатысымда фатикалық функцияның өзегі - қатысушылардың өзара элеуметтік рөлін нақтылап, өзін таныту арқылы ортақ тәртіпті бекіту. Мұндағы мақсат - серіктесті өзгерту не пікірін бұру емес, ортақ келісілген тәртіпке сай элеуметтік үйлесімге жету: жеке ерекшеліктер екінші қатарға ысырылып, мәдени нормаға сай амандасу, ілтипат, қысқа келісім белгілері сөйлесуді бастау, жүргізу және аяқтауды реттейді. Ритуалға кірмейтін белгі (мысалы, дау-пікірталас) пайда болған сәтте қатынас ритуалдық сипатын жоғалтады. Сондықтан мұндай қатысым көбіне негізгі өзара әрекеттесуге кіріспе ретінде қызмет атқарады. Рәсімдердің табысты орындалуы мәдени норманы білуге тікелей тәуелді.

Сонымен бірге фатикалық сөйлеу әдебі цифрлық кеңістікте деструктивті сипат ала алады. Балағат, әдепсіз лексика, тіл тигізу, әжуалау

арқылы фатикалық қабаттың өзін құндылықтарды құлдыратуға пайдалану үрдісі байқалады. Ислам прагмалингвистикасы діни формулалардың фатикалық акт ретіндегі орнын айқындап, олардың араб және түркі тілдерінде тек салттық емес, реттеуші қызмет те атқаратынын көрсетеді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, фатикалық қатынас - мазмұнды хабардан гөрі қатысымның өзіне бағдарланған, диалогтік табиғаты басым, тақырыптық еркіндікке ие және ауызекі стильмен сипатталатын көпқырлы құбылыс. Ол әңгімені «бастау - ұстап тұру - сыпайы жеткізу - аяқтау» сатыларына бөлінетін тұрақты тетіктер арқылы қатысушылардың міндеті мен орнын айқындап, өзара сенім мен үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Зерттеу фатикалық амалдардың тілдік (сәлемдесу, ілтипат формулалары, бекіту-растаулар, парцелляция), синтаксистік және бейтілдік (интонация, пауза, көзқарас, жанасу) құралдарын жүйелеп, ағылшын қауымындағы *small talk*, жапон *айзучи* үлгілері, арабтағы экспрессивті әрі діни формулалар, түркі (қазақ) кеңістігіндегі құрмет пен амандық-саулыққа негізделген этикет арқылы мәдени модельдерге тәуелді вариативтілікті көрсетті. Қазақ дискурсында «Бәсе», «Бәрекелді», «Ее, солай де» тәрізді қысқа растаулар қатысымдағы ықылас пен жақындықты сақтайтын маркерлер ретінде көрінеді. Фатикалық сөйлеу жанрларының (қолдаушы, бейтарап, жанжалдық, жасырын түрде жақсартушы/нашарлатушы) прагматикалық әсері ақпараттық қоғамда кеңейіп, баспасөз, эфир, әлеуметтік желі, іскерлік және саяси онлайн-коммуникацияда контакт орнату мен мақсатты ықпалдың (персуазияның) алғышартын жасайды. Сонымен қатар, цифрлық кеңістікте деструктивті фатиканың (дөрекі лексика, әжуалау) қауіптері де белгіленді.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ЖТНВR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» атты зерттеу жобасының аясында жазылды.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Malinowski B. The Problem of Meaning in Primitive Languages. – London: Kegan Paul, 1923. – 336 p.

[2] Якобсон Р. Лингвистика и поэтика // Структурализм: «за» и «против». – М.: Прогресс, 1975. – С. 193-230.

[3] Бейтсон Г. Шаги в направлении экологии разума: Избранные статьи по антропологии. – М.: КомКнига, 2005. – 232 с.

[4] Винокур Т. Информативная и фатическая речь как обнаружение разных коммуникативных намерений говорящего и слушающего // Русский язык в его функционировании. Коммуникативно-прагматический аспект. – Москва, 1993. – С. 5 - 29.

[5] House J. Analysing phatic interaction through speech acts – A discussion note // *Acta Linguistica Academica*. – 2022. – Vol. (69). – №3. – Pp. 381-391. <http://doi.org/10.1556/2062.2022.00533>

[6] Kádár D. Studying Small Talk from a pragmatic angle: An introduction. *Acta Linguistica Academica*. – 2023. – Vol. 70. №4. – Pp. 411-418. <https://doi.org/10.1556/2062.2023.00704>

[7] Корнилова Н. Средства выражения фатической речи в массмедиа // *Медиалингвистика*. – 2014. – Vol.5. – № 2. – С. 58-66.

[8] Leech G. *Principles of pragmatics: textbook*. – London: Longman Publishing Group, 1983. – 511 p.

[9] Дементьев В. Фатические речевые жанры // *Вопросы языкознания*. – 1999. – № 1. – С. 37-55.

[10] Нурмаганбетова А., Монгилева Н. Особенности использования коммуникативной стратегии порицания в политическом интервью // *Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы*. – 2024. – №4 (75). – Б. 187-191. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.012>

[11] Крейдлин Г. *Невербальная семиотика: Язык тела и естественный язык*. – М.: Новое литературное обозрение, 2004. – 584 с.

## REFERENCES

[1] Malinowski B. *The Problem of Meaning in Primitive Languages*. – London: Kegan Paul, 1923. – 336 p.

[2] Jakobson R. *Lingvistika i poetika. Strýktýralizm: «za» i «protiv»* [Linguistics and Poetics // Structuralism: pros and cons]. – М.: Progres, 1975. – S. 193-230. [in Rus.]

[3] Beitson G. *Shagi v napravlenii ekologii razýma* [Steps towards the ecology of the mind]: *Izbrannye statii po antropologii*. – М.: KomKniga, 2005. – 232 s. [in Rus.]

[4] Vinokýr T. G. *Informativnaia i faticheskaia rech kak obnarýjenie raznyh kommýnikativnyh namerenií govoráshego i slýshaiýshego* [Informative and phatic speech as the detection of different communicative intentions of the speaker and listener] // *Rýsskii iazyk v ego fýnksionirovanii. Kommýnikativno-pragmaticheskii aspekt*. – Moskva, 1993. – S. 5-29. [in Rus.]

[5] House J. Analysing phatic interaction through speech acts – A discussion note // *Acta Linguistica Academica*. – 2022. – Vol. (69). – №3. – Pp. 381-391. <http://doi.org/10.1556/2062.2022.00533>

[6] Kádár D. Studying Small Talk from a pragmatic angle: An introduction. *Acta Linguistica Academica*. – 2023. – Vol. 70. №4. – Pp. 411-418. <https://doi.org/10.1556/2062.2023.00704>

[7] Kornilova N. *Sredstva vyrajenia faticheskoi rechi v massmedia* [Means of expressing phatic speech in the mass media] // *Medialingvistika*. – 2014. – Vol.5. – № 2. – S. 58-66. [in Rus.]

[8] Leech G. Principles of pragmatics: textbook. – London: Longman Publishing Group, 1983. – 511 p.

[9] Dementev V. Faticheskie rechevye janry [Phatic speech genres] // Voprosy iazykoznanija. - 1999. – № 1. – S. 37-55. [in Rus.]

[10] Nýrmaganbetova A., Mongileva N. Osobennosti ispolzovania kommunikativnoi strategii porisania v politicheskom intervú [The peculiarities of using the communicative strategy of censure in a political interview] // Abylay han atyndaǵy QazHQ jáne ÁTY Habarshysy. Filologia seriasy. – 2024. – №4 (75). – B. 187-191. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.012> [in Rus.]

[11] Kreidlín G. Neverbalnaia semiotika: Iazyk tela i estestvennyı iazyk [Non-verbal semiotics: Body language and natural language]. – M.: Novoe literatýrnoe obozrenie, 2004. – 584 s. [in Rus.]

## ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ФАТИЧЕСКОЙ МЕТАКОММУНИКАЦИИ

Смагулова Г.<sup>1</sup>, \*Конырбаева Г.<sup>2</sup>, Солтанбекова А.<sup>3</sup>, Хуңшан А.<sup>4</sup>

<sup>1, \*2</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

<sup>4</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** В статье фатическая метакоммуникация рассматривается как важный аспект языкового взаимодействия, обеспечивающий социокультурную согласованность участников речевого контакта. В условиях глобализации и интенсивной межкультурной коммуникации понимание механизмов фатических актов приобретает особую значимость, особенно во взаимодействии представителей разных лингвокультурных сообществ.

Цель исследования – определить особенности формирования и функционирования фатической метакоммуникации и описать её связь с культурными нормами, социопрагматическими стратегиями и практиками речевого этикета.

В качестве задач приняты: уточнение теоретического поля понятия; систематизация средств реализации фатических актов в разных языках; подготовка рекомендаций для лингводидактики и перевода.

Методологическая основа включает дискурсивно-прагматический анализ, сопоставительное описание, качественное кодирование корпусных и иллюстративных данных, моделирование коммуникативных ситуаций.

Научная новизна состоит не только в комплексном рассмотрении феномена на стыке языка и культуры, прагматики и социолингвистики, но и в уточнении понятийного аппарата, а также в моделировании дискурсивных, социопрагматических и лингвокультурных параметров фатической функции.

Практическая значимость проявляется в систематизации релевантных ситуаций для обучения межкультурной коммуникации, разработке методических рекомендаций для учебных программ и тренингов, а также в совершенствовании стандартов вежливости и взаимопонимания в профессиональном и цифровом общении.

Эмпирическую базу составили: японские айдзути и ритуалы; религиозно маркированные формулы и экспрессивная речь арабского дискурса; устойчивые этикетные структуры и практика гостеприимства в восточных и тюркских языках. Уточнена типология фатических этикетных форм, показана вариативность, обусловленная культурными моделями, и доказана роль фатических стратегий в обеспечении устойчивости и надёжности общения в поликультурном дискурсе. Практическая ценность результатов подтверждается применимостью в подготовке переводчиков, преподавателей и специалистов по международной коммуникации, а также в проектах развития межкультурной компетентности.

**Ключевые слова:** фатическая метакоммуникация, межкультурная прагматика, речевой этикет, описательный анализ, фатика, обмен сообщениями, речевой акт, фатическое общение, цифровое пространство

## FEATURES OF THE FORMATION OF PHATIC METACOMMUNICATION

Smagulova G.<sup>1</sup>, \*Konyrbayeva G.<sup>2</sup>, Soltanbekova A.<sup>3</sup>, Khungshan A.<sup>4</sup>

<sup>1, \*2</sup> al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>The Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, Almaty,  
Kazakhstan

<sup>4</sup>Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages  
Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The article examines phatic metacommunication as an essential dimension of linguistic interaction that maintains sociocultural alignment among interlocutors. In the context of globalization and intensified intercultural contact, understanding the mechanisms of phatic acts becomes particularly salient, especially in exchanges among members of different linguocultural communities.

The aim of the study is to identify the features of the formation and functioning of phatic metacommunication and to describe its links with cultural norms, sociopragmatic strategies, and practices of speech etiquette.

The tasks include clarifying the conceptual field; systematizing the means by which phatic acts are realized across languages; and developing recommendations for language pedagogy and translation.

The methodological framework combines discourse-pragmatic analysis, comparative description, qualitative coding of corpus and illustrative data, and the modelling of communicative situations.

The study's novelty lies not only in its comprehensive treatment at the

interface of language and culture, pragmatics and sociolinguistics, but also in the refinement of the conceptual apparatus and in modelling the discursive, sociopragmatic, and linguocultural parameters of the phatic function.

Its practical significance is reflected in the systematization of relevant situations for teaching intercultural communication, the development of methodological guidelines for curricula and trainings, and the enhancement of standards of politeness and mutual understanding in professional and digital communication.

The empirical base comprises Japanese *aizuchi* and ritual formulas; religiously marked expressions and expressive speech in Arabic discourse; and stable etiquette structures and hospitality practices in Eastern and Turkic languages. The typology of phatic etiquette forms is refined; variability conditioned by cultural models is demonstrated; and the role of phatic strategies in ensuring stable and reliable interaction in multicultural discourse is substantiated. The results are applicable to the training of translators, university instructors, and specialists in international communication, as well as to projects aimed at developing intercultural competence.

**Keywords:** phatic metacommunication, intercultural pragmatics, speech etiquette, descriptive analysis, phatic, messaging, speech act, phatic communication, digital space

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 27.11.2025.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы – әл-Фараби атындғы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4582-2281>, e-mail: [smagulova.g@mail.ru](mailto:smagulova.g@mail.ru)

Қоңырбаева Гүлнұр Сауханқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-6722-2068>, e-mail: [gulnur\\_konyrbaev@mail.ru](mailto:gulnur_konyrbaev@mail.ru)

Солтанбекова Альфия Әбдікенқызы – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-3513-4012>, e-mail: [madina-258@mail.ru](mailto:madina-258@mail.ru)

Хуңшан Айжан – аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-5451-4018>, e-mail: [aijan.kunsa@mail.ru](mailto:aijan.kunsa@mail.ru)

***Информация об авторах:***

Смагулова Гулдархан Нургазықызы – профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби, доктор филологических

Смағұлова Г., Қоңырбаева Г., Солтанбекова А., Хуңшан А.

наук, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-4582-2281>, e-mail: [smagulova.g@mail.ru](mailto:smagulova.g@mail.ru)

Конырбаева Гүлнур Саухановна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0001-6722-2068>, e-mail: [gulnur\\_konyrbaev@mail.ru](mailto:gulnur_konyrbaev@mail.ru)

Солтанбекова Альфия Абдыкеновна – кандидат филологических наук, Институт языкознания им. А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-3513-4012>, e-mail: [madina-258@mail.ru](mailto:madina-258@mail.ru)

Хуңшан Айжан – старший преподаватель, университет КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-5451-4018>, e-mail: [aijan.kunsa@mail.ru](mailto:aijan.kunsa@mail.ru)

***Information about the authors:***

Smagulova Guldarkhan Nurgazykyzy – Professor of al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Philology, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4582-2281>, e-mail: [smagulova.g@mail.ru](mailto:smagulova.g@mail.ru)

Konyrbaeva Gulnur Saukhanovna – doctoral student at al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-6722-2068>, e-mail: [gulnur\\_konyrbaev@mail.ru](mailto:gulnur_konyrbaev@mail.ru)

Soltanbekova Alfiya Abdykenovna – Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3513-4012>, e-mail: [madina-258@mail.ru](mailto:madina-258@mail.ru).

Khungshan Aizhan – Senior lecturer, Ablai Khan KazUIR and WL, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-5451-4018>, e-mail: [aijan.kunsa@mail.ru](mailto:aijan.kunsa@mail.ru)